

Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногының тиімділігін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 20 сәуір N 606

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту және электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногы қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.02.18.

N 190 қаулысымен .

2. Заңнамада белгілеген тәртіппен оның жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Электр энергиясы мен қуаты рыногының Қазақстандық операторы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ЭҚРҚО" ЖАҚ) құрылсын.

3. "КОРЭМ" ЖАҚ қызметінің негізгі мәні қолда бар (спот) электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыру болып белгіленсін. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.18. N 190 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамымен бірлесіп "ЭҚРҚО" ЖАҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру жөнінде шаралар қолдансын;

2) "ЭҚРҚО" ЖАҚ-ның жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне "ЭҚРҚО" ЖАҚ-ның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану жөніндегі құқықты берсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 2000 жылғы 1 шілдеге дейін:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Электр энергетикасы саласының тиімділігін арттыру бағдарламасын әзірлесін және ұсынсын;

2) М ы н а :

Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын

ұйымдастыру және жұмыс істеуі туралы;

Қазақстан Республикасы Бірыңғай энергетика жүйесінің техникалық операторының қызмет көрсетуі туралы;

Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты рыногының рыноктық операторының қызмет көрсетуі туралы ережелерді әзірлесін және бекітсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 20 сәуірдегі
N 606 қаулысымен
мақұлданған

**Қазақстан Республикасының электр энергиясы
мен қуаты көтерме рыногын жетілдіру
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Осы тұжырымдама "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленген.

Электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногы энергияны өндіруші, энергияны жеткізуші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылар арасындағы электр энергиясы мен қуатын сатып алу-сату және беру қатынастарының жүйесі болып табылады.

**1. Электр энергиясы мен қуаты
көтерме рыногының жағдайы**

1. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында:

1) Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетика жүйесінің (бұдан әрі - ҚР БЭЖ-і) қызметін реттейтін жекелеген нормативтік құқықтық кесімдер қабылданды;

2) электр энергиясы мен қуаты рыногының бәсекелестік (электр энергиясы мен қуатын өндіру және тұтыну) және монополиялық (электр энергиясы мен қуатын жеткізу және тарату) бөліктерін бөліп ажырату жағдайында диспетчерлік басқарудың тиімді жүйесі құрылды: "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания (KEGOC)" ААҚ-ның (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ) құрамындағы Орталық Диспетчерлік Басқару (ОДБ) ҚР БЭЖ-ін диспетчерлік басқарудың жоғары деңгейіне, ал аймақтық диспетчерлік орталықтар, көтерме тұтынушылардың диспетчерлік орталықтары неғұрлым төменгі деңгейлеріне жатады.

3) Қазақстан БЭЖ-нің жұмыс режимі пысықталды және электр энергиясының, атап айтқанда, электр тогы жиілігінің сапалық көрсеткіштері жақсарды;

4) "KEGOC" ААҚ-ның басқаруымен екіжақты мерзімдік (форвардтық)

келісім-шарттар рыногы құрылды және жеткілікті тиімді жұмыс істеуде;

5) Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы "KEGOC" ААҚ-мен бірлескен күш-жігерімен құрған электр қуатының резервтер рыногы табысты жұмыс істеуде.

2. Қазіргі уақыттағы электр энергиясы рыногы моделінің тиімді жұмыс істеуіне шешілмеген бірқатар проблемалар кедергі келтіруде, оның ішінде мыналар негізгілері б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) Рынок субъектілерінің жан-жақты қырларын реттейтін нормативтік құқықтық базасының дамытылмауы, қазіргі уақыттағы мерзімдік, сондай-ақ күнделікті споттар және электр энергиясы мен қуатының теңгерімдік саудаластығы рыногын техникалық және ақпараттық қамтамасыз етудің жетілдірілмеуі;

2) өндірісті және электр энергиясы мен қуатты нақты уақыт режиміне жуық режимде тұтынуды теңгерудің ашық рыноктық тетігінің болмауы;

3) тұтынылмаған электр энергиясы мен оны бергені үшін төленбеген төлемдер көлемінің едәуір болуы.

2. Электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногын жетілдірудің мақсаттары

Электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногын жетілдірудің мақсаттары:

1. Электр энергиясы мен қуатының қолда бар (spot рыногы) және теңгерілген (теңгерімді рынок) ұйымдастырылған көпжақты саудасының орталықтандырылған және а ш ы қ т е т і г і н ж а с а у .

2. Электр энергиясы мен қуатын өндіру, тасымалдау және таратудың экономикалық тиімділігін арттыруға жеткізетін бәсекені одан әрі дамыту.

3. Тұтынушылар алатын электр энергиясы мен қуатының сапасын, сондай-ақ Қазақстан БЭЖ-і қызметінің басқарылуы мен сенімділігін арттыру болып табылады.

3. Рынокты жетілдіру жөніндегі бастапқы іс-шаралар

Электр энергиясы мен қуаты рыногын одан әрі жетілдіру, электрмен жабдықтау сапасын және сенімділігін арттыру мақсатында бастапқы кезеңде (2000 жылдың бірінші жарты жылдығында) мынадай іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылып отыр:

1) - акциялар пакеті жүз пайыз мемлекетке тиесілі, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым - Электр энергиясы мен қуаты рыногының рыноктық операторы (бұдан әрі - Рыноктық Оператор) - электр энергиясы рыногының жаңа с у б ь е к т і с і н құ р у .

Кейін электр энергиясының көтерме рыногының дамуына және оған қатысушылардың өзара қарым-қатынасының даму шамасына қарай Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының бәсекелестік рыногына қатысушылардың өздері құрылтайшылық ететін Рыноктық Оператор коммерциялық емес ұйым болып қайтадан құрылады. Оған генерация жасайтын энергия жабдығының немесе аймақаралық деңгейдегі электр жеткізу желілерінің болжамсыз істен шығуы

кезінде міндеті - тұтынушыларды энергиямен іркіліссіз қамтамасыз ету болып табылатын электр қуатының қажетті резервінің көлемін, құрылымын және орналастырылуын қалыптастыру жөніндегі функциялар берілетін болады.

2) Рыноктық Оператор мынадай функцияларды атқарады:

қолда бар (споттық), сондай-ақ теңгерімді электр энергиясы мен қуатының орталықтандырылған саудаластығын ұйымдастыру;

қолда бар электр энергиясы мен қуатының алдағы тәуліктерге сатып алу-сату жөнінде күн сайынғы саудаластығын ұйымдастыру;

жабдықтың технологиялық істен шығуы мен авариялары кезінде электр станциялар-беріп отырушылардың электр энергиясы мен қуаттарын сатып алу-сату шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін электр қуатының резервтермен саудаластық ұйымдастыру;

электр энергиясының сапалық стандартының талаптарына жауап беруін қамтамасыз ету үшін электр энергетикасы секторында қосымша қызметтер көрсету рыногын ұйымдастыру ;

жалпы, алдағы әр жылға, тоқсанға және айға Қазақстан Республикасы энергетика тораптарының және Бірыңғай энергетика жүйесі бойынша электр қуаты мен энергиясының болжамдық теңгерімдерін әзірлеу;

электр энергиясы мен қуатын жеткізуге және беруге жеткізушілер мен тұтынушылар арасында жасалған мерзімдік (форвардтық) шарттар негізінде Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме рыногы субъектілерінің электр энергиясы мен қуатын тұтынушының шектеулі теңгерімдерін әзірлеу;

электр энергиясы көтерме рыногының сатушылар мен сатып алушылар арасындағы электр энергиясын беріп отыруға жасалған жедел (форвардтық) шарттар және аймақаралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясы мен қуатын беруге арналған шарттар туралы дерекқор қалыптастыру;

электр энергиясы мен қуатын сатып алу-сатуға жасасқан мерзімдік (форвардтық) шарттар туралы дерекқор негізінде Қазақстан Республикасының энергетикалық тораптарының және Бірыңғай энергетика жүйесі бойынша алдағы тәуліктерге электр энергиясы мен қуатын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінің жобасын жасау;

меншікті тәуліктік электр тұтыну кестесіне түзету жасау үшін электр станцияларынан алынатын қолда бар (споттық) электр энергиясы мен қуатының алдағы тәуліктерге беру бағасы мен сағат сайынғы көлемі туралы ұсыныстарды және тұтынушылардан спот электр энергиясын сатып алу жөніндегі өтінімдерді қабылдау;

электр энергиясы мен қуатының спот рыногы субъектілерінің коммерциялық қауіптерін сақтандыру жүйесін құру;

Қазақстан Республикасының энергетикалық тораптары мен Бірыңғай энергетика жүйесі бойынша электр энергиясы мен қуатын өндірудің және тұтынудың айлық, тоқсандық және жылдық нақты жиынтық теңгерімдерін жасау;

қолда бар және теңгерімдік электр энергиясы мен қуатының күн сайынғы саудаластығы нәтижесі және осы тікелей шарттардың деректері бойынша энергия тораптары және жалпы ҚР БЭЖ бойынша тәуліктік жүктеме кестелерін жасау;

энергия тораптарының және жалпы ҚР БЭЖ-нің жүктеме кестелерін жабу үшін аймақаралық электр желілеріндегі электр энергиясы мен қуатының ысыраптарын ескере отырып, электр станцияларының электр энергиясы мен қуатын өндірудің тәуліктік кестелерін жасау;

теңгерімдік рынокқа қатысушы электр станцияларының қуаттары резервтерін іске қосудың тәуліктік кестелерін жасау және бекіту.

3) Рыноктық Оператордың қызметінің басталуымен "KEGOC" ААҚ Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетика жүйесінің Техникалық Операторы функцияларын орындайды, оған:

электр энергиясы мен қуатын өндіру-тұтынудың Рыноктық Оператор жасаған кестелерін орындау;

ҚР БЭЖ-і бойынша және әрбір есепті кезеңдегі (апта, ай, тоқсан, жыл) электр энергиясының және қуатының нақты теңгерімі туралы Рыноктық Операторға тәулік сайынғы деректерді беріп отыру;

аймақаралық электр желілері бойынша электр энергиясы мен қуатын беру режимдерін басқару;

ҚР БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуінің өлшемдерінің сақталуын қамтамасыз ету; техникалық сипаттағы қосымша қызметтер көрсету жатады.

4) белсенді электр энергиясы мен қуатын сатып алушылар мен сатушылар арасындағы екіжақты (форвардтық) келісім-шарттар рыногы сақталады және дамуы жалғасуда.

5) қатысушы ретінде белгіленген қуаты 100 МВт және одан да астам Қазақстанның барлық энергия өндіруші ұйымдарын, сондай-ақ ҚР БЭЖ-мен осы энергия жүйелерінің қосарлы жұмысы туралы мемлекетаралық шарттар негізінде шектес мемлекеттердің энергия жүйелерін тарту есебінен белсенді электр қуаты резервтері рыногын одан әрі дамыту жүрде.

6) электр энергиясы мен қуатының рыногына қатысушылар үшін бағаның болжанбаған өзгеруі қаупінен сақтандыру және реттеу мақсатында электр энергиясы мен қуатын беруге нақты (физикалық) орындаусыз фьючерстік келісім-шарттар қаржылық құралдар рыногы біртіндеп дами бастайды.

4. Тұжырымдамалық моделі

Электр энергиясы мен қуаты рыногының тұжырымдамасы мыналармен түйінделеді:

1) рынокқа қатысушылар электр энергиясы мен қуатын беруге мерзімдік (форвардтық) келісім-шарттар жасасу кезінде Рыноктық Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ақпаратты (көлемі,

мерзімі және басқа да техникалық көрсеткіштер) кідіріссіз тапсырады. Техникалық Оператор қоятын техникалық талаптарға сәйкес, Техникалық Оператор электр энергиясы мен қуатын физикалық беру мүмкіндігі мәнінде сараптама жүргізеді;

2) жасалған екіжақты (форвардтық) келісім-шарттар туралы ақпаратты ұсыну электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногына қатысушылардың барлығына көзделген электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногына ерудің үшжақты үлгілік келісім-шарты, онда рынокқа қатысушылардың электр энергиясын сатып алу-сату және беру шарттары бойынша техникалық ақпаратты ұсынбауы электр энергиясын физикалық беруден бас тартудың негізгі жағдайларының бірі болып табылады, жағдайында жүзеге асырылады;

3) электр энергиясы мен қуатын мерзімдік (форвардтық) сатып алу шарты жасалғаннан кейін сатып алушы электр энергиясы мен қуатын беруге (тасымалдауға) "KEGOC" ААҚ-мен шарт жасауға міндетті. Электр энергиясы мен қуатын беруге (тасымалдауға) шарттың техникалық деректері де Рыноктық Операторға ұсынылуы тиіс

4) ҚР БЭЖ-дегі барлық генерация мен электр энергиясын тұтыну арасындағы келісім-шарттық емес теңгерімнің бұзылуын болдырмау үшін сатуға Рыноктық Оператор қоятын оның құнын көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдар күн сайын Рыноктық Операторға алдағы тәуліктердің әрбір сағатына резервтік қуат шамасының оларда қаншалықты бар-жоғы туралы ақпарат береді;

5) ҚР БЭЖ-дегі барлық генерация мен электр энергиясын тұтыну арасындағы бұзылған теңгерімдердің алдағы тәуліктерге болжанып отырған шамаларын ескере отырып, "күні бұрын-алдын ала" саудаластық өткізуге ұсыныстың ең төменгі бағасының өлшемдеріне жауап беретін электр станцияларының ұсыныстарын және сұранымның ең жоғарғы бағасының өлшемдеріне жауап беретін тұтынушылардың өтінімдерін қабылдайды және өңдеу рәсімінен кейін алынған ақпаратты рыноктың барлық қатысушыларына береді. Сонымен бір мезгілде, Рыноктық Оператор қолда бар электр энергиясы мен қуатты тұтынушылардың барлық өтінімдерін төлеу қабілеттерінің деңгейіне қарай екі топқа жіктеп бөледі:

1-топ - "күні бұрын-алдын ала" саудаластығында қолда бар электр энергиясы мен қуатты сатып алуға мәлімделген құнын дереу төлеуге мүмкіндігі бар тұтынушылар;

2-топ - "күні бұрын-алдын ала" саудаластығында қолда бар электр энергиясы мен қуатты сатып алуға мәлімделген құнын уақытылы төлеуге мүмкіндігі жоқ тұтынушылар;

б) электр энергиясы мен қуатын сатушылар оған хабарлаған екіжақты форвардтық келісім-шарттардың деректері негізінде және қолда бар электр энергиясы мен қуатты орналастыру жөнінде өзі жүргізген "күні бұрын-алдын ала" саудаластығына нәтижелердің негізінде Рыноктық Оператор әрбір келесі күнге:

тұтастай энергия тораптары мен ҚР БЭЖ бойынша қолда бар электр энергиясы мен

қуатына сұраныстың кестесін;

электр станцияларындағы - "күні бұрын-алдын ала" саудаластығына қатысушылардың қолда бар электр энергиясы мен қуатты іске қосу кестесін жасайды.

7) сонымен бір мезгілде, Рыноктық Оператор генерацияның резервтік қуатының тәуліктің әрбір сағатына алдағы тәуліктерде іске қосылуы ықтимал кестесін жасайды және бекітеді. Генерация мен электр энергиясын тұтынудың аталған тәуліктік кестелерінің жобаларын жасағаннан кейін электр энергиясы мен қуатты беру жүйесінің сенімділігі өлшемдеріне сәйкес сатуды іске асыру мүмкіндігін айқындау үшін Рыноктық Оператор оларды Техникалық Операторға ("KEGOC-ң ААК) жібереді және оң нәтижелер алынған жағдайда соңғысы Рыноктық Операторды хабардар ете отырып, оларды орындауға қабылдайды.

Электр энергиясын беру сенімділігінің өлшемдері бұзылғандығы анықталған жағдайда "күні бұрын-алдын ала" қосымша саудаластығын өткізу үшін туындаған қайшылықтарды шешу жөнінде Техникалық Оператордың ұсынымдарымен қоса, кесте Рыноктық Операторға қайтарылады.

8) Техникалық Оператор өзі қабылдаған диспетчерлік кестелердің орындалуын қамтамасыз етеді және Рыноктық Операторды барлық туындаған ауытқушылықтар туралы хабардар етеді. Егер ауытқу әлде бір рынок субъектісінде жабдықтың бұзылуына байланысты генерацияның болжанбаған төмендеуінен немесе аймақаралық деңгейдегі электр тарту желілерінің ажыратылуынан туындаса, Техникалық Оператор Рыноктық Оператор бекіткен кестеге сәйкес резервтік қуаттардың іске қосылуын ұйымдастырады, егер ауытқу жабдық істен шықпай, генерацияның кенеттен төмендеуінен, болжамды ысыраптың ұлғаюынан немесе әлде бір сатып алушылардың тұтыну қуатын жоспардан тыс арттыруынан болса, Техникалық Оператор Рыноктық Оператордың нұсқауларын орындайды.

Мұндай жағдайда Рыноктық Оператор:

- оларды 1-топтағы тұтынушыларға жеткізу үшін резервтік қуаттарды беруге өтінімдері қабылданған электр станцияларындағы жүктемені көтеру жөнінде Техникалық Операторға пәрмен береді.

- егер олардың сатушылары шарттағы босатылатын қуатты төмендетсе немесе олар өздері электр қуаттарын шарттағыдан тыс тұтынуды көбейтуге жол берсе, 2-топтағы тұтынушыларды шектеуге Техникалық Операторға пәрмен береді.

Бір тәулік өткеннен кейін Рыноктық Оператор әр сатып алушының тұтынылған келісім-шарттан тыс электр энергиясы мен қуатының шамасын анықтайды (жедел) және оларға төлеуге шоттарын ұсынады. (Барлық тұтынушылар және электр энергиясы мен қуатын берушілермен түпкілікті есеп айырысу бір айдың қорытындысы бойынша Рыноктық Оператор электр энергиясы мен қуатын бір айлық өндіру және тұтынудың жиынтық теңгерімін жасағаннан кейін жүргізіледі).

5. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

2000 жылы электр энергетикасындағы қатынастарды реттейтін қазіргі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, сондай-ақ көтерме рыноктағы қатынастарды тәптіштеп реттейтін нормативтік құқықтық базаны жасау жөніндегі шаралар қолданылуы тиіс, мұның өзінде, мынадай нормативтік құқықтық кесімдер:

- 1) ҚР БЭЖ-нің Техникалық Операторының қызмет көрсетулерді ұсыну ережесі;
- 2) Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты рыногының Рыноктық Операторының қызмет көрсетулерді ұсыну ережесі;
- 3) Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеуі ережесі;
- 4) Көтерме рынок субъектілерінің электр энергиясы мен қуаты саудасына және оны аймақаралық деңгейдегі электр желілері бойынша беруге қол жеткізу ережесі негізгілері болып табылады.

6. Қорытынды ережелер

2003 жылдан бастап электр энергиясы мен қуаты рыногының жұмыс істеуін осы заманғы техникалық және ақпараттық база құруды және төлемеу проблемаларын шешуді көздейтін Ұлттық желіні Жаңғырту жобасының іске асырылуына қарай электр энергиясы мен қуаты рыногының моделі ашық бәсеке рыногын одан әрі дамыту мақсатында жетілдіріледі.

ТЭК-ды жекешелендіру туралы мәселенің шешілуіне және техникалық базаның жетілдірілуіне қарай Электр энергиясы мен қуатының бөлшек саудасы рыногын жетілдіру тұжырымдамасы қабылданатын болады.